

АДАМЗАТТЫҢ АЛҒАШҚЫ БАЙЛЫҒЫ – АМАН-САУЛЫҚ

Өскеменде сәулемен емдеу орталығы ашылды



Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ медициналық мекемелерге автокөліктер тапсырды

Айжанат Бақытқызы

Адам жанының Алладан кейінгі арашашысы – ақ халатты абзал жандар екендігі күмәнсіз. Сондықтан ауырған адамды жылы сөзімен, шипалы емімен сауықтырып шығаратын дәрігерлер қауымы қандай құрметке болса да лайықты.

«Место» отбасылық демалыс орталығында жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтілетін медицина қызметкерлері күніне орай салтанатты жиын өтіп, оған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ және республикалық Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры Қуаныш НҰРҒАЗИЕВ қатысты.